

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 4 шілдедегі N 916 қаулысына өзгертулер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 15 тамыздағы N 1013

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының Халықтық банкі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 4 шілдедегі N 916 қаулысына /Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 23, 264-бап/ мынадай өзгерту енгізілсін:

атауындағы және мәтініндегі "Қазақстан Республикасының Халықтық банкі туралы", "Қазақстан Республикасының Халықтық банкі" сөздері "Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ банкі туралы", "Қазақстанның Акционерлік Халықтық Жинақ банкі" сөздерімен ауыстырылсын.

Қазақстан Республикасы Халықтық банкінің Байқаушы кеңесі құрамына:

Ержанов О.С. - Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі
төрағасының орынбасары

Бектасов А.А. - Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі
төрағасының орынбасары енгізілсін.

көрсетілген құрамнан О.Ә.Жандосов, Г.А.Марченко шығарылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі